ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРЫ СОТ КЕҢЕСІ
Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің жанындағы Сот төрелігі академиясы

**«8D042– Құқық» кадрларды даярлау бағыты бойынша**
**«8D04201 – Сот және сот төрелігі»**
**БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**
**Деңгейі: Докторантура (ғылыми-педагогикалық бағыт)**
**Дәрежесі: «8D04201 – Сот және сот төрелігі» білім беру бағдарламасы бойынша PhD философия докторы**

Астана, 2025

**«8D042 – Құқық» дайындық бағыты бойынша «8D04201 – Сот және сот төрелігі» білім беру бағдарламасы төмендегілердің негізінде әзірленді:**

1. «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы;
2. «Ғылым және технологиялық саясат туралы» 2024 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы;
3. «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығы;
4. «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 13 қазандағы № 569 бұйрығы;
5. «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы;
6. Ұлттық біліктілік шеңбері (әлеуметтік әріптестік және әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі республикалық үшжақты комиссияның 2016 жылғы 16 наурыздағы хаттамасымен бекітілген);
7. Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің жанындағы Сот төрелігі академиясы «8D042 – Құқық» дайындық бағытындағы докторантураның (ғылыми-педагогикалық бағыт бойынша) үлгілік оқу жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесі Төрағасының 2025 жылғы 13 қаңтардағы №10-9/4 өкімі.

## Мазмұны


| № | Білім беру бағдарламасының паспорты | Беттер |
|---|---|---|
| 1. | Білім беру бағдарламасының коды және атауы | 4 |
| 2. | Білім беру саласының, дайындық бағыттарының коды және жіктелуі | 4 |
| 3. | Білім беру бағдарламалары тобы | 4 |
| 4. | Кредиттер көлемі | 4 |
| 5. | Оқыту нысаны | 4 |
| 6. | Оқыту тілі | 4 |
| 7. | Берілетін дәреже | 4 |
| 8. | Білім беру бағдарламасының түрі | 4 |
| 9. | ББХСЖ бойынша деңгейі | 4 |
| 10. | ҰБШ бойынша деңгейі | 4 |
| 11. | БСШ бойынша деңгейі | 4 |
| 12. | Білім беру бағдарламасының айрықша ерекшеліктері | 4 |
| 13. | Кадрларды даярлау бағытына арналған лицензияға қосымшаның нөмірі | 4 |
| 14. | Аккредиттеу органының атауы және білім беру бағдарламасын аккредиттеудің қолданылу мерзімі | 4 |
| 15. | Білім беру бағдарламасының мақсаты | 4 |
| 16. | Түлектің біліктілік сипаттамасы | 4 |
| а) | Түлек лауазымдарының тізбесі | 4 |
| б) | Түлектің кәсіби қызметінің саласы мен объектілері | 4 |
| в) | Түлектің кәсіби қызметінің түрлері | 4 |
| г) | Түлектің кәсіби қызметінің функциялары | 5 |
| 17. | Құзыреттілік негізінде оқыту нәтижелері | 5 |
| 18. | Оқу нәтижелеріне сәйкес пәндер модульдерін анықтау | 6 |
| 19. | Оқу нәтижелеріне қол жеткізу матрицасы | 8 |
| 20. | Оқытудың жоспарланған нәтижелерін модуль шеңберінде оқыту және бағалау әдістерімен сәйкестендіру | 16 |
| 21. | Оқу нәтижелеріне қол жеткізуді бағалау критерийлері | 18 |
| 22. | Түлек моделі | 19 |

1. Білім беру бағдарламасы: «8D04201 – Сот және сот төрелігі» (ғылыми-педагогикалық бағыт бойынша докторантура)
2. Білім беру саласы: «8D04-Бизнес, басқару және құқық». Кадрларды даярлау бағыты: «8D042-Құқық».
3. Білім беру бағдарламалары тобы: 8D042 – Құқық
4. Кредиттер көлемі: 180 академиялық кредит.
5. Оқыту нысаны: күндізгі.
6. Оқыту тілі: қазақ, орыс.
7. Берілетін дәреже: «8D04201 – Сот және сот төрелігі» білім беру бағдарламасы бойынша PhD философия докторы
8. Білім беру бағдарламасының түрі: жаңа
9. ББХСЖ бойынша деңгейі: 8.
10. ҰБШ бойынша деңгейі: 8.
11. БСШ бойынша деңгейі: 8.
12. Білім беру бағдарламасының айрықша ерекшеліктері: жоқ.
13. Кадрларды даярлау бағытына арналған лицензияға қосымшаның нөмірі:
14. Аккредиттеу органының атауы және білім беру бағдарламасын аккредиттеудің қолданылу мерзімі: ерікті
15. Білім беру бағдарламасының мақсаты: сот жүйесінің қажеттіліктеріне сәйкес ғылыми зерттеулер жүргізу үшін қажетті әдіснамалық білім мен дағдыларды меңгерген, сондай-ақ кәсіби сот қызметін жүзеге асыру үшін инновациялық тәсілдер мен практикалық дағдыларды меңгерген, білім беру бағдарламасы бойынша бәсекеге қабілетті, білікті кадрларды даярлау.
16. Түлектің біліктілік сипаттамасы:

а) Түлек лауазымдарының тізімі: қауымдастырылған профессор, профессор, бас ғылыми қызметкер, жетекші ғылыми қызметкер, аға ғылыми қызметкер, ғылыми қызметкер, судья, сот жүйесінің жұмыскері.

б) Түлектің кәсіби қызметінің саласы мен объектілері:

«8D04201 – Сот және сот төрелігі» білім беру бағдарламасы бойынша түлектің кәсіби қызмет саласы: құқық саласындағы ғылыми-зерттеу және оқытушылық қызмет, сот төрелігін жүзеге асыру, жергілікті соттар мен Жоғарғы Сотта, Сот әкімшілігінде, Жоғары Сот Кеңесінде және басқа да мемлекеттік органдар мен мекемелерде ұйымдастыру-басқару қызметі болып табылады.

«8D04201 – Сот және сот төрелігі» білім беру бағдарламасы бойынша бітірушінің кәсіби қызметінің объектілері:

- жоғары оқу орындары;
- ҒЗИ, орталықтар мен зертханалар;
- сот, құқық қорғау органдары;
- мемлекеттік билік пен басқарудың атқарушы және өкілді органдары.

в) Түлектің кәсіби қызметінің түрлері:

- білім беру-педагогикалық: Сот төрелігі академиясында және мемлекеттік және мемлекеттік емес сектордың басқа да жоғары оқу орындарында заң пәндерінің оқытушысы ретінде жұмыс істеу;

- ғылыми-зерттеу: мемлекеттік және мемлекеттік емес сектордың жоғары оқу орындарында, ҒЗИ және ғылыми орталықтарында маман және ғылыми қызметкер ретінде жұмыс істеу;

- құқықтық: судья, прокурор, адвокат, заң кеңесшісі, нотариус, сот орындаушысы және т.б.;

- ұйымдастырушылық-басқарушылық: жергілікті соттарда, Жоғарғы Соттың, Сот әкімшілігінің, Жоғарғы Сот Кеңесінің және басқа да мемлекеттік органдардың бөлімдері мен департаменттерінде әртүрлі қызметтердің басшысы ретінде жұмыс істеу.

г) Түлектің кәсіби қызметінің функциялары:

- құқық қолдану практикасын, оның ішінде сот практикасын талдау мен жинақтаудың заманауи әдістемелерін жасау және енгізу;

- ұлттық заңнама саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сараптама ұйымдастыру және жүргізу әдістемелерін әзірлеу;

- ұлттық және халықаралық деңгейде ғылыми және талдамалық зерттеулерді, бағдарламалар мен жобаларды жоспарлау және ұйымдастыру;

- жоғары оқу орындарында және судьялардың және заң мамандығының өзге де өкілдерінің біліктілігін арттыру курстарында құқықтық пәндерді оқыту;

- ЖОО, ҒЗИ, мемлекеттік органдар мен мекемелердегі ғылыми, педагогикалық және әкімшілік ұжымға басшылық ету.

## 17. Құзыреттілік негізінде оқыту нәтижелері

| Құзыреттілік түрі | Оқыту нәтижесінің коды | Оқыту нәтижесі |
|---|---|---|
| 1. Жеке құзыреттер: (Softskills) | ОН 1 | Практикалық және ғылыми материалдарды зерттейді, сот-құқықтық мәселелер бойынша талдамалық құжаттарды, академиялық және ғылыми мәтіндерді, мақалаларды, шолулар мен қорытындыларды дайындайды. |
| | ОН 2 | Құқықтық реттеу және құқық қолдану саласындағы міндеттерді шешудің әртүрлі әдістемелік жолдарын біледі, құқықтық құбылыстар мен процестерді ғылыми танудың жалпы ғылыми, жеке және арнайы әдістерін қолдана отырып, дербес ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізеді. |
| | ОН 3 | Сот билігінің мәні, әлеуметтік рөлі, функциялары мен өкілеттіктері, оның мемлекеттік билікті бөлу жүйесіндегі орны, оның ішінде пәнаралық контекстте терең жүйелі білімін көрсетеді. |
| | ОН 4 | Қазақстан Республикасында сот жүйесін ұйымдастыру мен қызметінің теориялық және практикалық мәселелерін зерделеу саласындағы өзекті мәселелерді тұтас қабылдайтынын көрсетеді. |
| | ОН 5 | Педагогикалық мәдениет пен заң этикасының өзара байланысын біледі, заң пәндерін оқыту әдістемесін меңгереді, заң білімі жүйесінде оқыту мен тәрбиелеудің заманауи интерактивті әдістерін қолданады. |
| | ОН 6 | Ғылыми зерттеулер жүргізу кезінде, үлкен көлемдегі ақпарат және деректермен жұмыс жасауда заманауи IT технологиялардың жетістіктерін көп тапсырмалық жағдайында қолданады, жасанды |

| | | |
|---|---|---|
| | | интеллект мүмкіндіктерін пайдаланудың этикалық қырларын ескереді. |
| 2. Кәсіби құзыреттер: (Hardskills) | ОН 7 | Отандық және шетелдік құқықтық ойдың жетістіктерін синтездейді және осы негізде құқықтық ғылымның, заңнаманың және құқық қолданудың үдемелі дамуының жаңа тұжырымдамаларын жасайды. |
| | ОН 8 | Ғылыми теорияларды талдайды, бағалайды және сот практикасымен салыстырады, құқықтану және құқық қолдану мәселелерін шешудің ең тиімді және оңтайлы тәсілдерін жүйелейді және таңдайды. |
| | ОН 9 | Қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеудің нәтижелі тетіктерін әзірлейді, ықтимал оң немесе теріс әсерді ескере отырып, салалық заңнама нормаларын іс жүзінде қолданудың салдарын болжайды. |
| | ОН 10 | Заңдардың, заңға тәуелді актілердің және халықаралық келісімдердің жобалары бойынша білікті құқықтық қорытындылар жасайды, осындай қорытындыларға ғылыми негізделген сараптамалық баға береді. |
| | ОН 11 | Өзін-өзі дамыту мен кәсіби өсудің шекараларын кеңейте отырып, заң ғылымының, заң шығару мен құқық қолдану практикасының жетістіктерін сыни тұрғыдан талдайды. |
| | ОН 12 | Қазақстандық заңнаманы жетілдіру бойынша тұжырымдамалық ұсыныстар әзірлеу мақсатында отандық және шетелдік заңнамалық актілер мен сот практикасына компаративистік талдау жүргізеді. |
| | ОН 13 | Салалық заңнаманың қайшылықты, бәсекелес және ақаулы нормаларын қолданады, оларды еңсерудің ғылыми тәсілдерін меңгереді. |
| | ОН 14 | Сот білімі саласындағы кәсіби, ғылыми, педагогикалық қызметпен байланысты күрделі, стандартты емес міндеттерді шешуде алған білімдерін, іскерліктері мен дағдыларын пайдаланады. |
| | ОН 15 | Кәсіби және ғылыми қоғамдастық өкілдерімен пікірталастарда құқық, оның ішінде сот құрылысы және сот ісін жүргізу мәселелері бойынша өз ұстанымын дәлелді түрде ұсынады және қорғайды. |

**18. Оқу нәтижелеріне сәйкес пәндер модульдерін анықтау.**

| Оқыту нәтижесінің коды | Модуль атауы | Пәндердің атауы | Көлемі (ECTS) |
|---|---|---|---|
| ОН 1, ОН 2, ОН 5, ОН 7, ОН 8, ОН 9, ОН 10, ОН 11, ОН 12, ОН 14, ОН 15 | Құқықтанудағы ғылыми зерттеулердің әдіснамалық негіздері | Академиялық хат | 5 |
| ОН 1, ОН 2, ОН 5, ОН 6, ОН 7, ОН 8, ОН 9, ОН 10, ОН 11, ОН 12, ОН 14, ОН 15 | | Ғылыми зерттеу әдістері | 5 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| ОН 1, ОН 2, ОН 3, ОН 4, ОН 5, ОН 6, ОН 7, ОН 8, ОН 9, ОН 10, ОН 11, ОН 12, ОН 14, ОН 15 | | Педагогика негіздері және құқықтық пәндерді оқыту әдістемесі | 4 |
| ОН 1, ОН 2, ОН 3, ОН 4, ОН 5, РО 6, ОН 7, ОН 8, ОН 9, ОН 10, ОН 11, ОН 12, ОН 13, ОН 14, ОН 15 | | Құқық философиясы | 2 |
| ОН 1, ОН 2, ОН 3, ОН 4, ОН 5, ОН 6, ОН 7, ОН 8, ОН 9, ОН 10, ОН 11, ОН 12, ОН 13, ОН 14, ОН 15 | Сот билігі теориясы | Билікті бөлу теориясы контекстіндегі сот билігінің мәні, құрылымы және функциялары | 2 |
| ОН 1, ОН 2, ОН 3, ОН 4, ОН 5, ОН 6, ОН 7, ОН 8, ОН 9, ОН 10, ОН 11, ОН 12, ОН 13, ОН 14, ОН 15 | Педагогикалық практика | Педагогикалық практика | 10 |
| ОН 1, ОН 2, ОН 3, ОН 4, ОН 5, ОН 6, ОН 7, ОН 8, ОН 9, ОН 10, ОН 11, ОН 12, ОН 13, ОН 14, ОН 15 | Қазақстан Республикасында сот билігі қызметінің теориясы мен практикасы | Қазақстан Республикасында соттардың (судьялардың) қызметін ұйымдастырудың теориялық-құқықтық мәселелері | 2 |
| ОН 1, ОН 2, ОН 3, ОН 4, ОН 5, ОН 6, ОН 7, ОН 8, ОН 9, ОН 10, ОН 11, ОН 12, ОН 13, ОН 14, ОН 15 | Қазақстан Республикасының заңнамасын қолдану теориясы мен практикасы | Азаматтық заңнаманы қолданудың теориялық негіздері мен құқықтық аспектілері | 4 |
| ОН 1, ОН 2, ОН 3, ОН 4, ОН 5, ОН 6, ОН 7, ОН 8, ОН 9, ОН 10, ОН 11, ОН 12, ОН 13, ОН 14, ОН 15 | | Құқық қолдану практикасында азаматтық процестік заңнама нормаларын іске асырудың ерекшеліктері | 3 |
| ОН 1, ОН 2, ОН 3, ОН 4, ОН 5, ОН 6, ОН 7, ОН 8, ОН 9, ОН 10, ОН 11, ОН 12, ОН 13, ОН 14, ОН 15 | | Қазіргі қылмыстық құқықтың тұжырымдамалық ережелері және оны дамыту перспективалары | 4 |
| ОН 1, ОН 2, ОН 3, ОН 4, ОН 5, ОН 6, ОН 7, ОН 8, ОН 9, ОН 10, ОН 11, ОН 12, ОН 13, ОН 14, ОН 15 | | Қылмыстық-процестік заңнаманың қазіргі жағдайы мен даму перспективалары | 3 |
| ОН 1, ОН 2, ОН 3, ОН 4, ОН 5, ОН 6, ОН 7, ОН 8, ОН 9, ОН 10, ОН 11, ОН 12, ОН 13, ОН 14, ОН 15 | | Әкімшілік және әкімшілік-процестік заңнаманы қолданудың теориялық-құқықтық мәселелері | 3 |
| ОН 1, ОН 2, ОН 3, ОН 4, ОН 5, ОН | | Әкімшілік-деликтік заңнаманың даму | 3 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 6, ОН 7, ОН 8, ОН 9, ОН 10, ОН 11, ОН 12, ОН 13, ОН 14, ОН 15 | | тенденциялары және құқық қолдану практикасы | |
| ОН 1, ОН 2, ОН 3, ОН 4, ОН 5, ОН 6, ОН 7, ОН 8, ОН 9, ОН 10, ОН 11, ОН 12, ОН 13, ОН 14, ОН 15 | | Зерттеу практикасы | 10 |
| ОН 1, ОН 2, ОН 3, ОН 4, ОН 5, ОН 6, ОН 7, ОН 8, ОН 9, ОН 10, ОН 11, ОН 12, ОН 13, ОН 14, ОН 15 | Ғылыми-зерттеу жұмысы | Тағылымдамадан өтуді және докторлық диссертацияны орындауды қамтитын докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы | 108 |
| ОН 1, ОН 2, ОН 3, ОН 4, ОН 5, ОН 6, ОН 7, ОН 8, ОН 9, ОН 10, ОН 11, ОН 12, ОН 13, ОН 14, ОН 15 | Қорытынды аттестаттау (ҚА) | Докторлық диссертацияны жазу және қорғау | 12 |

## 19. Оқу нәтижелеріне қол жеткізу матрицасы

| **№** | **Пәндердің атауы** | **Пәндердің қысқаша сипаттамасы** | **Кредит саны** | **Қалыптастырылатын оқыту нәтижелері (кодтар)** | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **ОН 1** | **ОН 2** | **ОН 3** | **ОН 4** | **ОН 5** | **ОН 6** | **ОН 7** | **ОН 8** | **ОН 9** | **ОН 10** | **ОН 11** | **ОН 12** | **ОН 13** | **ОН 14** | **ОН 15** |
| 1. Теориялық компоненті | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| 1. 1 Базалық пәндер (БП) циклі | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| 1) Жоғары оқу орны компоненті | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| **1** | Академиялық хат | Курс докторанттардың хаттар, талдамалық құжаттар, академиялық және ғылыми мәтіндер, мақалалар жазу дағдыларын, сондай-ақ қазіргі ақпараттық кеңістікте ақпарат іздеуді жүзеге асыру қабілетін жетілдіруге бағытталған. Осы курс арқылы мәтіндерді талдамалық өңдеу, түйінді сөздерді және аннотациялар, рефераттар, шолулар түріндегі мәтіндердің мазмұнын | **5** | + | + | | | + | | + | + | + | + | + | + | | + | + |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | жеткізу құралдарын анықтау дағдысы дамитын болады. | | | | | | | | | | | | | | | | |
| 2 | Ғылыми зерттеу әдістері | Курстың мақсаты – докторанттардың өз бетімен ғылыми жұмыс жүргізу дағдыларын қалыптастыру. Курс аясында ғылыми танымның әдіснамалық принциптері, ғылыми зерттеудің жеке және арнайы әдістері, эксперименттік деректерді өңдеу әдістері, ғылыми жұмыстың ерекшеліктері мен ғылыми еңбек этикасы, құқықтанудағы зерттеудің жүйелік-құрылымдық және аксиологиялық әдістері, заң герменевтикасы әдісі және құқықтанудағы салыстырмалы-құқықтық зерттеу әдісі және т.б. қарастырылады. | **5** | + | + | | | + | + | + | + | + | + | + | + | | + | + |
| 3 | Педагогика негіздері және құқықтық пәндерді оқыту әдістемесі | Курс докторанттарды құқықтық пәндерді оқыту кезінде педагогикалық жұмыстың ең тиімді нысандарын, әдістерін, құралдары мен интерактивті технологияларын таңдау негіздеріне оқытуды, білім беру қызметіндегі құбылыстарды бағалау дағдыларын қалыптастыруды, педагогикалық әлеуетті ашуды көздейді. Курс шеңберінде докторанттарды құқықтық білім берудің даму тенденцияларын және оның жетістіктерін анықтауға және талдауға, педагогикалық қызметке қатысты әртүрлі деректерді түсіндіруге дайындау жүзеге асырылады. | **4** | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | | + | + |
| 4 | Құқық философияс | Құқық философиясы жоғары философиялық, әдіснамалық және | **2** | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | ы | ғылыми-зерттеу мәдениеті бар болашақ заңгер ғалымды дайындауға бағытталған. Курс докторантқа құқықтық құбылыстарды түсінуге, түлендіруге және ұғындыруға, құқықтың мағынасын, мәні мен құндылығын, оның терең негіздерін ашуға мүмкіндік береді. Курс докторантқа объективті философиялық және құқықтық позициялардан құқықтық болмысты бағалау дағдыларын дамыту үшін қажет. Философиялық-құқықтық доктриналардың қазіргі даму тенденцияларын дұрыс бағалауға және талдауға, қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерді жалпыадамзаттық құндылықтар тұрғысынан зерттеуге көмектеседі. | | | | | | | | | | | | | | | | |
| 5 | Билікті бөлу теориясы контекстінд егі сот билігінің мәні, құрылымы және функциялар ы | Бұл курс сот билігінің мемлекеттік биліктің басқа тармақтарымен олардың қызмет ету процесінде өзара әрекеттесу мәселелерін зерттеуге бағытталған. Курс докторантқа Қазақстанның сот жүйесін дамыту мен жетілдірудің тұжырымдамалық негіздерін меңгеруге мүмкіндік береді.<br>Курс Қазақстан Республикасында сот билігі туралы заңнаманы қолданудың өзекті мәселелерін зерделеу үшін қажет. Сот ісін жүргізуде конституциялық заңдылықты қамтамасыз ету жөніндегі сот билігінің функцияларын ашады. Сот билігінің генезисін, қазіргі жағдайы мен даму перспективаларын қамтиды, | **2** | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | сондай-ақ сот практикасын және оның сот нормаларын жасаудағы рөлін зерттейді. | | | | | | | | | | | | | | | | |
| **2) Педагогикалық практика** | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| 6 | Педагогикалық практика | Докторанттың педагогикалық практикасы жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіби даярлықтың жоғары деңгейіне қол жеткізуге, теориялық білімді іске асыруға, ЖОО оқытушысының кәсіби қасиеттерін дамытуға және білім беру саласында докторантура түлегінің педагогикалық құзыреттілігін қалыптастыруға және дамытуға бағытталған. | **10** | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + |
| **1.2 Бейіндеуші пәндер циклі** | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| **1) Жоғары оқу орны компоненті** | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| 7 | Қазақстан Республикасында соттардың (судьялардың) қызметін ұйымдастырудың теориялық-құқықтық мәселелері | Курс Қазақстандағы соттардың қызметін ұйымдастыру мен құқықтық қамтамасыз етудің теориялық мәселелерінің кешенін зерделейді. Бұл пән судьялар корпусын қалыптастыру негіздеріне, оның сатыларына, рәсімдеріне, кадр резервімен жұмысты ұйымдастыруға қатысты өзекті мәселелерді қарауға бағытталған, оның ішінде судьялыққа кандидаттарды конкурстық іріктеу және оларға судьялық өкілеттіктер беру тетіктерін, критерийлерін зерделейді.<br>Курс шеңберінде судьяның құқықтық жағдайын, кәсіби қызметін бағалаудың, шарттары мен рәсімдерін, сондай-ақ судьяның отставкаға кету институтын зерттеуге назар аударылады. | **2** | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 8 | Азаматтық заңнаманы қолданудың теориялық негіздері мен құқықтық аспектілері | Курс теория мен практиканың өзара әрекеттесуі, заңнамалық инновациялар және сот интерпретациясы арқылы азаматтық құқық жүйесін зерттеуге бағытталған. Цивилистиканың өзекті мәселелерін шешетін және құқықтық реттеудің тетіктерін анықтайтын қолданыстағы құқықтық нормалар талдау пәні ретінде әрекет етеді.<br>Курс азаматтық құқықтың доктриналық негіздерін (қағидаттар, жүйе, нормалар эволюциясы), азаматтық-құқықтық нормаларды іске асыру тетіктерін (түсіндіру, қолдану, сот қалауы), құқық қолданудың өзекті мәселелерін (цифрландыру, құқықтарды қорғау, салааралық өзара іс-қимыл) және шетелдік құқық тәртібімен салыстырмалы талдауды қамтиды. | **4** | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + |
| 9 | Құқық қолдану практикасында азаматтық процестік заңнама нормаларын іске асырудың ерекшеліктері | Бұл курс цивилистік процестің өзекті доктриналық және қолданбалы аспектілерін, соның ішінде нормативтік базаның өзгеруін, сот түсіндірмелерінің эволюциясын және құқық қолдану қызметінің қазіргі тенденцияларын зерттеуге бағытталған.<br>Курс шеңберінде сот ісін жүргізу қағидаттарын жаңғыртумен, процестік үнемдеу проблемаларымен, сот қорғау тетіктерін жетілдірумен, құқықтық реттеудің материалдық және процестік элементтерінің теңгерімімен байланысты құқықтық институттар зерделенеді. | **3** | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 10 | Қазіргі қылмыстық құқықтың тұжырымдамалық ережелері және оны дамыту перспективалары | Курс қазіргі Қазақстанның қылмыстық құқығының іргелі ережелерін түсінуге бағытталған, оның қалыптасуы мен дамуына классикалық және кеңестік қылмыстық құқық пен дамыған шет мемлекеттердің тәжірибесі айтарлықтай әсер етті.<br>Білім алушылар қоғамдық қауіпті әрекеттерді криминализациялау және декриминализациялау негіздерін, қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау қағидаларын, қылмыстың жекелеген көріністеріне қылмыстық-құқықтық қарсы іс-қимылдың ерекшеліктерін терең зерделеуге мүмкіндік алады, қылмыстық құқық бұзушылықтардың пропорционалды жазалануын, қылмыстық-құқықтық реттеудің жазалау, қалпына келтіру және алдын алу құралдарының теңгерімін қамтамасыз ету әдістерімен қаруланады. | 4 | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + |
| 11 | Қылмыстық-процестік заңнаманың қазіргі жағдайы мен даму перспективалары | Бұл курстың мақсатты бағыты қылмыстық процеске қатысушылардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мен қорғауды қамтамасыз етудің қылмыстық-процестік тетіктерін зерделеу және қарау мәселелерімен байланысты. Қылмыстық-процестік заңнаманың нормаларын жаңғырту және оңтайландыру жағдайында қылмыстық сот ісін жүргізудің қылмыстық-процестік кепілдіктері айқындалады.<br>Сот практикасы мен сотқа дейінгі іс | 3 | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | жүргізу практикасын зерделеу негізінде қылмыстық процестің қағидаттарын іске асырудың пәрменді тетіктері арқылы оларды жетілдіруге бағытталған қылмыстық-процестік заңнаманың нормаларына талдау жүргізіледі. Дәлелдеу нысанасын белгілей отырып, қылмыстық-процестік дәлелдемелерінің мәселелері және дәлелдемелерді жан-жақты, толық және объективті зерттеуді және қылмыстық істі шешу кезінде жиналған дәлелдемелерге баға беруді қамтамасыз ететін дәлелдемелердің шектерін айқындау ашылады. | | | | | | | | | | | | | | | | |
| 12 | Әкімшілік және әкімшілік-процестік заңнаманы қолданудың теориялық-құқықтық мәселелері | Курс әкімшілік және әкімшілік-процестік заңнамасын қолданудың теориялық-құқықтық аспектілеріне арналған.<br>Курс шеңберінде әкімшілік құқықтың негізгі қағидаттары мен нормалары қарастырылады, сондай-ақ әкімшілік рәсімдер кезеңдерінің мәселелері, әкімшілік процестің ерекшеліктері, қатысушылардың құқықтары мен міндеттері қамтылады. Заңнаманы қолдану кезінде әкімшілік органдар, соттар және процестің басқа қатысушылары кездесетін негізгі проблемалар мен қиындықтар талданады.<br>Курс сонымен қатар заңнамадағы жаңалықтарды және олардың құқық қолдану практикасына әсерін қарастырады. | **3** | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 13 | Әкімшілік-деликтік заңнаманың даму тенденциялары және құқық қолдану практикасы | Курс елдің әкімшілік-деликтік заңнамасындағы негізгі бағыттар мен өзгерістерді қамтиды. Курс шеңберінде әкімшілік құқық бұзушылықтарды құқықтық реттеудегі ағымдағы үрдістер, сондай-ақ заңнамадағы жаңа өзгерістер талданады. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауда соттар мен ведомстволық бағынысты органдардың рөлін қоса алғанда, құқық қолдану практикасына ерекше назар аударылады. Курс сонымен қатар құқық қолданушылардың алдында тұрған практикалық мәселелер мен қиындықтарды зерттейді, сонымен қатар заңнаманы жетілдіру және оны қолдану бойынша ұсынымдар ұсынады. | **3** | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + |
| **1.2.2. Зерттеу практика** | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| 14 | Зерттеу практикасы | Зерттеу практикасы диссертация тақырыбы аясында зерттеу міндеттерін сәтті жүзеге асыру үшін докторанттың теориялық және әдіснамалық дайындығын тереңдетуге және жүйелеуге бағытталған. | **10** | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + |
| **2. Ғылыми-зерттеу жұмысы** | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| 15 | Тағылымдамадан өтуді және докторлық диссертацияны орындауды | Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы, оның ішінде ғылыми тағылымдамадан өту, қолда бар білімді кеңейту және жаңа білім алу, ғылыми гипотезаларды тексеру, нәтижелері докторлық диссертацияда көрсетілетін заңдылықтарды белгілеу мақсатында | **108** | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | қамтитын докторантты ң ғылыми-зерттеу жұмысы | ғылыми ізденіспен, зерттеулер, эксперименттер жүргізумен байланысты. | | | | | | | | | | | | | | | | |
| **3. Оқытудың қосымша түрлері (ОҚТ)** | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| **4. Қорытынды аттестаттау (ҚА)** | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| 16 | Докторлық диссертация ны жазу және қорғау | Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысының қорытындысы, заң ғылымдарының тиісті саласына үлес қосатын, жаңалығымен ерекшеленетін, практикалық маңызы мен қажеттілігі бар ғылыми тұжырымдардың өзіндік теориялық негіздемесін қамтиды. | **12** | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + |

**20. Оқытудың жоспарланған нәтижелерін модуль шеңберінде оқыту және бағалау әдістерімен келісу**

| **Оқыту нәтижелері** | **Модуль бойынша оқытудың жоспарланған нәтижелері** | **Оқыту әдістері** | **Бағалау әдістері** |
|---|---|---|---|
| ОН 1 | Практикалық және ғылыми материалдарды зерттейді, сот-құқықтық мәселелер бойынша талдамалық құжаттарды, академиялық және ғылыми мәтіндерді, мақалаларды, шолулар мен қорытындыларды дайындайды. | интерактивті дәріс | мәтінді талдау және құрылымдау |
| ОН 2 | Құқықтық реттеу және құқық қолдану саласындағы міндеттерді шешудің әртүрлі әдістемелік жолдарын біледі, құқықтық құбылыстар мен процестерді ғылыми танудың жалпы ғылыми, жеке және арнайы әдістерін қолдана отырып, дербес ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізеді. | рефлексия<br>гипотезалар<br>пікірталас | рефераттық шолу |
| ОН 3 | Сот билігінің мәні, әлеуметтік рөлі, функциялары мен өкілеттіктері, оның мемлекеттік билікті бөлу жүйесіндегі орны, оның ішінде пәнаралық контекстте терең жүйелі білімін көрсетеді. | пікірталас | эссе жазу |

| | | | |
|---|---|---|---|
| ОН 4 | Қазақстан Республикасында сот жүйесін ұйымдастыру мен қызметінің теориялық және практикалық мәселелерін зерделеу саласындағы өзекті мәселелерді тұтас қабылдайтының көрсетеді. | интерактивті дәріс<br>пікірталас | презентация |
| ОН 5 | Педагогикалық мәдениет пен заң этикасының өзара байланысын біледі, заң пәндерін оқыту әдістемесін меңгереді, заң білімі жүйесінде оқыту мен тәрбиелеудің заманауи интерактивті әдістерін қолданады. | интерактивті дәріс<br>пікірталас | іскерлік ойын |
| ОН 6 | Ғылыми зерттеулер жүргізу кезінде, үлкен көлемдегі ақпарат және деректермен жұмыс жасауда заманауи IT технологиялардың жетістіктерін көп тапсырмалық жағдайында қолданады, жасанды интеллект мүмкіндіктерін пайдаланудың этикалық қырларын ескереді. | өзекті дәріс | практикалық дағдыларды көрсету (диссертация тақырыбы бойынша) |
| ОН 7 | Отандық және шетелдік құқықтық ойдың жетістіктерін синтездейді және осы негізде құқықтық ғылымның, заңнаманың және құқық қолданудың үдемелі дамуының жаңа тұжырымдамаларын жасайды. | рефлексия<br>гипотезалар<br>пікірталас | эссе жазу<br>ғылыми мақала жазу |
| ОН 8 | Ғылыми теорияларды талдайды, бағалайды және сот практикасымен салыстырады, құқықтану және құқық қолдану мәселелерін шешудің ең тиімді және оңтайлы тәсілдерін жүйелейді және таңдайды. | өзекті дәріс<br>«ой-талқы» | мәселені шешу жобасы (диссертация тақырыбы бойынша) |
| ОН 9 | Қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеудің нәтижелі тетіктерін әзірлейді, ықтимал оң немесе теріс әсерді ескере отырып, салалық заңнама нормаларын іс жүзінде қолданудың салдарын болжайды. | пікірталас | болжалды талдау |
| ОН 10 | Заңдардың, заңға тәуелді актілердің және халықаралық келісімдердің жобалары бойынша білікті құқықтық қорытындылар жасайды, осындай қорытындыларға ғылыми негізделген сараптамалық баға береді. | презентация<br>пікірталастар | қорытынды жобасы |
| ОН 11 | Өзін-өзі дамыту мен кәсіби өсудің шекараларын кеңейте отырып, заң ғылымының, заң шығару мен құқық қолдану практикасының жетістіктерін сыни тұрғыдан талдайды. | ғылыми теорияларды, нормативтік құқықтық актілерді талдау | зерттеу кейсі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| ОН 12 | Қазақстандық заңнаманы жетілдіру бойынша тұжырымдамалық ұсыныстар әзірлеу мақсатында отандық және шетелдік заңнамалық актілер мен сот практикасына компаративистік талдау жүргізеді. | дөңгелек үстел | презентация |
| ОН 13 | Салалық заңнаманың қайшылықты, бәсекелес және ақаулы нормаларын қолданады, оларды еңсерудің ғылыми тәсілдерін меңгереді. | нормативтік құқықтық актілерді және құқық қолдану практикасын талдау | кейсті шешу |
| ОН 14 | Сот білімі саласындағы кәсіби, ғылыми, педагогикалық қызметпен байланысты күрделі, стандартты емес міндеттерді шешуде алған білімдерін, іскерліктері мен дағдыларын пайдаланады. | өзекті дәріс | эссе, ғылыми мақала жазу |
| ОН 15 | Кәсіби және ғылыми қоғамдастық өкілдерімен пікірталастарда құқық, оның ішінде сот құрылысы және сот ісін жүргізу мәселелері бойынша өз ұстанымын дәлелді түрде ұсынады және қорғайды. | пікірталас | презентация |

**21. Оқу нәтижелеріне қол жеткізуді бағалау критерийлері**

| ОН коды | Критерийлер |
|---|---|
| ОН 1 | Практикалық және зерттеу материалдарымен, ғылыми заң әдебиеттерімен жұмыс істеуді **игереді.** Аналитикалық құжаттарды, академиялық және ғылыми мәтіндерді, құқықтық мәселелер бойынша мақалаларды жазу дағдыларын **меңгереді.** |
| ОН 2 | Ғылыми зерттеу мен құқықтық шынайылықты білудің жалпы ғылыми, жеке және арнайы әдістерін пайдалана отырып, өз бетінше ғылыми жұмыс жүргізу дағдыларын **меңгереді.** |
| ОН 3 | Сот билігінің мәні, маңызы мен функциялары, оның мемлекеттік билікті бөлу жүйесіндегі орны, сондай-ақ тежеу мен тепе-теңдік жүйесін қолданудың практикалық мәселелерін **біледі.** |
| ОН 4 | Қазақстан Республикасында сот жүйесі қызметінің құқықтық және ұйымдастырушылық негіздерін **игереді.** |
| ОН 5 | Оқытушылық қызмет дағдыларын меңгерген, педагогикалық мәдениет пен заң этикасын интеграциялау негізінде құқықтық білім беру жүйесінде оқыту мен тәрбиелеудің заманауи интерактивті педагогикалық әдістерін қолдануды **меңгереді.** |
| ОН 6 | Ғылыми зерттеулер жүргізу кезінде заманауи IT технологияларының жетістіктерін, сондай-ақ жасанды интеллект ұсынатын мүмкіндіктерді **игереді.** |

| | |
|---|---|
| ОН 7 | Құқықтық ойдың жетістіктерін синтездейді және жаңа ғылыми негізделген идеяларды қалыптастыруды **игереді.** |
| ОН 8 | Ғылыми теорияларды бағалау және сот практикасымен салыстыру, құқық қолдану мәселелерін шешудің ең тиімді тәсілдерін таңдау дағдыларын **меңгереді.** |
| ОН 9 | Құқықтық реттеудің тиімді тетіктерін әзірлеуді, құқықтық болжауды жүзеге асыруды **игереді.** |
| ОН 10 | Нормативтік құқықтық актілердің, халықаралық келісімдердің жобалары бойынша құқықтық қорытындылар жасау және оларды сараптамалық бағалау дағдыларын **меңгереді**. |
| ОН 11 | Қолда бар ғылыми ұстанымдарды, құқық қолдану практикасының нәтижелерін сыни тұрғыдан түсінуді **игереді.** |
| ОН 12 | Ұлттық заңнаманы жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу мақсатында әртүрлі елдердің нормативтік құқықтық актілері мен сот практикасына салыстырмалы талдауды **игереді.** |
| ОН 13 | Оларды жеңудің әртүрлі әдістерін қолдану негізінде соқтығысу, бәсекелес және алшақтық нормаларын қолдану дағдыларын **меңгереді.** |
| ОН 14 | Практикалық міндеттерді шешу үшін алған білімдері мен дағдыларын кәсіби, ғылыми немесе педагогикалық қызметте қолдануды **игереді.** |
| ОН 15 | Құқықтық аргументация, сендіру, құқықтық мәселелер бойынша пікірталас жүргізу дағдыларын **меңгереді**. |

**22. Түлек моделі**

**Докторантура түлегінің атрибуттары:**

- Тереңдетілген кәсіби білім мен дағдылар;
- Ғылыми-зерттеу және талдамалық жұмысқа қабілеттілік;
- Педагогикалық қызметте білімді, іскерлікті және дағдыларды таратуға дайындық;
- Құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге, сараптамаға қатысуға дайындық;
- Кәсіби қоғамдастықта өзара әрекеттесуге және ынтымақтастыққа қабілеттілік;
- Кәсіби және жеке өсу жолдарын іздеудегі автономия;
- Коммуникативті қабілеттіліктер;
- Жоғары моральдық-адамгершілік қасиеттер;
- Әділдік, объективтілік және бейтараптық;
- Үздіксіз білім алуға, Softskills және Hardskills дағдыларын дамытуға дайын болу.

**Білім беру бағдарламасы түлегінің моделі**

| Құзыреттілік түрлері | Құзыреттіліктердің сипаттамасы |
|---|---|
| 1. Мінез-құлық дағдылары және жеке қасиеттер (Softskills) | - қазіргі ғылыми жетістіктерді сыни талдау және бағалау әдістерін қолдану негізінде өзіндік зерттеу жұмысына қабілеттілігін көрсетеді;<br>- академиялық хат жазу техникасын және баяндаудың ғылыми стилін қолдануға шығармашылық көзқарасы бар, академиялық адалдық қағидаттарын мүлтіксіз сақтайды;<br>- әр түрлі тәсілдермен, әр түрлі тілдерде жоғары кәсіби ортада тәуелсіз ғылыми зерттеулердің нәтижелерін ұсынады;<br>- практикадағы заңгерлердің біліктілігін арттыруды қоса алғанда, білім берудің барлық деңгейлерінде құқықтық білімді қабылдау үшін қолжетімді нысанда береді;<br>- ғылыми-педагогикалық жұмыскердің кәсіби және жеке өсуіне ықпал ететін құндылықтарды, сенімдер мен дүниетанымды қалыптастырады және өзектендіреді;<br>- ғылыми негізделген зерттеу әдістерін қолдана отырып танымдық қызметті жүзеге асырады;<br>- заманауи цифрлық дағдыларды (цифрлық сауаттылық, цифрлық гигиена және қауіпсіздік) меңгерген, оларды цифрлық технологияларды дамытудың жаңа трендтерін ескере отырып жетілдіреді;<br>- сот билігінің мәнін, әлеуметтік рөлін, функциялары мен өкілеттіктерін, оның мемлекеттік билікті бөлу жүйесіндегі орнын білуін көрсетеді;<br>- Қазақстан Республикасында сот жүйесін ұйымдастыру және оның қызмет ету саласындағы ғылыми-теориялық және практикалық білімді талдайды және жетілдіреді;<br>- көшбасшылық қасиеттерін көрсетеді, адамдардың пікірлеріне әсер етеді және оларды ынталандырады, жауапкершілікті өз мойнына алуға дайын. |
| 2. Кәсіби құзыреттіліктер (Hardskills) | - заң ғылымының таңдалған саласында және заң мамандығы аясында үздіксіз оқыту және біліктілікті арттыруды жүзеге асырады;<br>- ғылыми теориялар мен үздік шетелдік тәжірибелерді қолдана отырып, заң шығару және құқық қолдану қызметін жүзеге асыруға қабілетті;<br>- құқық қағидаттарынан ауытқымай, стандартты емес құқықтық жағдайларда креативтілікті көрсетеді;<br>- ғылыми теорияларды сыни талдау, бағалау және сот практикасымен салыстыру негізінде практикалық мәселелерді шешудің тиімді тәсілдерін игерген;<br>- ықтимал сын қатерлер мен тәуекелдерді ескере отырып сот төрелігін жүзеге асыру саласындағы қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеудің тиімді тетіктерін әзірлеу және құқықтық болжау дағдыларын меңгерген;<br>- қалыптасқан құқықтық қатынастардың ерекшелігін ескере отырып, нормативтік құқықтық актілердің, |

| | |
|---|---|
| | халықаралық келісімдердің жобалары бойынша сараптамалық пікірді білікті түрде игерген;<br>- кәсіби қызметтің тиімділігін арттыру мақсатында заң ғылымы мен құқық қолдану практикасының жетістіктерін бағалай және жіктей алады;<br>- салалық заңнаманы және құқық қолдану практикасын жетілдіруде үздік үлгілерді пайдалану мақсатында отандық және шетелдік нормативтік құқықтық актілер мен сот практикасына компаративистік талдау жүргізе алады;<br>- салалық заңнама нормаларын қолдану процесінде қайшылықтар мен олқылықтарды анықтау және еңсеру дағдыларына ие. |

**Әзірлеушілер:**
Жұмыс тобының мүшелері:
Академиялық бағдарламалар мен жобалар орталығының директоры М.Н. Абилова
Мемлекеттік-құқықтық пәндердің ғылыми-білім беру орталығының директоры Т.С. Нурышева
Азаматтық-құқықтық пәндердің ғылыми-білім беру орталығының директоры Е.О. Егембердиев
Қылмыстық-құқықтық пәндердің ғылыми-білім беру орталығының директорының м.а. Б.Р. Сембекова
Қылмыстық-құқықтық пәндердің ғылыми-білім беру орталығының профессоры А.А. Биебаева
Мемлекеттік-құқықтық пәндердің ғылыми-білім беру орталығының доценті Р.С. Джусупова

Білім беру бағдарламасы Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің жанындағы Сот төрелігі академиясының Оқу-әдістемелік кеңесінің отырысында қаралды және бекітуге ұсынылды, 2025 жылғы «19» наурыздағы № 8 хаттама.
Білім беру бағдарламасы Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің жанындағы Сот төрелігі академиясы Ғылыми кеңесінің кезектен тыс отырысында қаралды және бекітілді, 2025 жылғы «3» сәуірдегі № 9 хаттама.

**Ректор м.а.** **К.К. Мусин**